

**Шектеу іс-шараларын алып тастау және Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 21 "Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылындағы М.Маметова көшесі аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 50 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 5541 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 02-05/105 ұсынысы негізінде, Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Иттің құтырық ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылындағы М.Маметова көшесінің аумағында шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Созақ ауданы әкімдігінің Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 21 "Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылындағы М.Маметова көшесі аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5390 болып тіркелген және 2020 жылы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және

құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шолаққорған ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Елибаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК